

2021-2022 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын жаңарту туралы ақпарат

Заң факультеті

6В04220 «Құқықтану» ББ жаңарту үшін негіздеме

2021-2022 оқу жылына әлеуметтік әріптестер мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының ұсынымдарына сәйкес «Құқықтану» ББ келесі пәндер енгізілді: «Денсаулық сақтау саласындағы құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы», «Бағалы қағаздарды құқықтық реттеу», «ҚР валюталық құқығы», «Медициналық құқық», «ҚР сақтандыру құқығы».

Семестрлер бойынша мынадай пәндер қайта бөлінді: «Халықаралық жария құқық» 3-семестрден 5-семестрге ауыстырылды, «Мемлекеттік қызмет және жергілікті өзін-өзі басқару негіздері» 5-семестрден 3-семестрге ауыстырылды, «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік процесс» 7- семестрден 4- семестрге ауыстырылды, «Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы Қазақстан» 4- семестрден 7 семестрге, «Криминалистика» 7-семестрден 6-семестрге, «Адвокатура және нотариат» 4- семестрден 6-семестрге ауыстырылды.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістерге сәйкес № 1, 2 және 6 оқу нәтижелеріне түзетулер енгізілді.

6В12330 «Құқық қорғау қызметі» ББ жаңарту үшін негіздеме

2021-2022 оқу жылына әлеуметтік әріптестер мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының ұсынымдарына сәйкес білім беру бағдарламасына келесі пәндер енгізілді: «Денсаулық сақтау саласындағы құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы», «Қылмыстық процестегі прокурордың функциялары», «Сотқа дейінгі тергеу сатысында жария және жария емес тергеу іс-қимылдарын жүргізу», «Криминалистикалық техника», «Криминалистикалық әдіснаманың негіздері», «Сотқа дейінгі тергеу барысында анықтау органдарының қызметі», «Киберқылмыс пен техногендік апаттарды тергеу».

Жоғарыда келтірілген өзгерістерге сәйкес, білім алушыларға алған білімдерін кәсіби қызметте қолдануға және пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы заң пәндерін зерделеуге бағытталған оқыту нәтижелеріне түзетулер енгізілді.